


Игілік ауылының  
ЖОББ-мектебінің директоры:

БЕКІТЕМІН: 

Егубаева Г.К.  
« 26 » тамыз 2022 ж

«Қаралды»  
педагогикалық кеңесінде  
№1 хаттамасы

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша  
білім бөлімі Игілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
2022-2023 оқу жылындағы оқу-жұмыс жоспарына арналған түсінік хат

2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

### *Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері*

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі 10-ҮОЖ) сәйкес жүргізіледі (өзгерістер мен толықтырулармен). Меншік және оқыту түріне қарамастан, білім беру ұйымдарына оқу процесін жүзеге асыруда педагогикалық кеңестің шешімі негізінде Үлгілік оқу жоспарын таңдауға академиялық еркіндік беріледі. Білім беру ұйымы педагогикалық кеңестің шешімімен:

- әр сыныпқа жеке-жеке;
- параллель сыныптарға;
- мектеп бойынша Үлгілік оқу жоспарының біреуін таңдай алады.

Күтпеген жағдайларға байланысты оқу апталарын қысқарту кезінде оқыту